

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№ 6

06.01.2025 .ж

Бұйырамын:

1. МКҚК №8 «Балбөбек » мектепке дейінгі ұйымында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы келесі тізімде бекітілсін:

Төрайымы:

1.2. Алпысбаева С.А. -№8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері

Кеңес мүшелері:

1.2. ҚББ-нің бекітілген қызметкері

1.3. Сарлыбаева М.Т.- №8 «Балбөбек» МДҰ-ның зейнеткері

1.4. Даулеталина А.А.- №8 «Балбөбек» МДҰ-ның тәрбиеші

1.5.Қуантай А.Ж. -МДҰ-ның психологі

1.6. Сүленова А.К.-б/б-ның тәрбиешісі

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы психологі Сүленова А.Ә тағайындалсын.

№8 «Балбөбек» МДҰ меңгерушісі



Абдуллина Н.Т.

«Келісілді»

Педагогикалық әдеп
жөніндегі кеңестің

төрайымы Алпысбаева С.А.

«13» 01 2025 ж.



№8 «Балбөке» МДҰ
меңгерушісі М. А. Абдуллина Н.Т.

«13» 01 2025 ж.

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарымен танысу мәселесі бойынша кеңес отырысын өткізу, төраға мен хатшыны сайлау, функционалдық міндеттерді бөлу	Қаңтар	Кеңес төрайымы
2	Ұжымды педагогикалық этиканың типтік ережелерімен таныстыру	Ақпан	Кеңес мүшелері
3	Педагогикалық этиканың бұзылуымен байланысты жанжалды жағдайларды қарастыру және реттеу.	Қыркүйек	Кеңес мүшелері
4	Ұжымдағы негізсіз қақтығыстарды шешу	Желтоқсан	Кеңес мүшелері

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
№1**

Өткізілген күні: «15» қаңтар 2025 жыл

Өткізілген орны: №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарымен танысу мәселесі бойынша отырысын өткізу төраға, хатшы сайлау.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Алпысбаева С.А. Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты маман 2025 жылы педагогикалық әдеп бағытында жүргізілген жұмыстар туралы жоспармен таныстырды. Оқу жылы барысында педагогтерге педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, жымдағы өзара сыйластықты арттыру бағытында жұмыстар жүргізілгені айтылды. Педагогтерге кәсіби міндеттерін орындау барысында адамгершілік, әділдік, жауапкершілік, сыпайылық және сабырлылық қағидаларын сақтау қажеттігі тұрақты түрде түсіндірілді. Бұйрық бойынша жауапты мамандарды атап өтті. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталу жағдайы талданып, педагогтер тарапынан қызметтік міндеттерді орындауда әдеп нормаларын сақтау қажеттігі атап өтілді. Педагогикалық әдеп талаптарын бұзудың алдын алу жұмыстары алдағы оқу жылында да жалғастырылуы қажет екендігі айтылды.

Кеңес мүшесі психолог жыл бойы педагогтердің тәрбиеленушілермен қарым-қатынасында жағымды және қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті. Ата-аналармен қарым-қатынаста өзара түсіністік пен сенім қалыптастыру, ал әріптестер арасында сыйластық пен кәсіби ынтымақтастықты сақтау қажеттігі айтылды.

Педагогикалық әдеп талаптарының сақталу жағдайы талданып, педагогтер тарапынан қызметтік міндеттерді орындауда әдеп нормаларын сақтау қажеттігі атап өтілді.

Педагогикалық әдеп талаптарын бұзудың алдын алу жұмыстары алдағы оқу жылында да жалғастырылуы қажет екендігі айтылды.

Педагогтер алдағы оқу жылында педагогикалық әдеп бойынша семинарлар, пікір алмасулар, түсіндіру жұмыстары мен практикалық кеңестерді жалғастыру жөнінде ұсыныстар айтты.


ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің тәрбиеленушілермен қарым-қатынасында ізгілік, мейірімділік және құрмет қағидалары сақталсын.
2. Ата-аналармен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас жалғастырылсын.
3. Ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп бойынша түсіндіру және алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:



Хатшы:



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
№2

Өткізілген күні: 11.ақпан 2025 жыл

Өткізілген орны: №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар: 0

Кеңес төрағасы:

Хатшы:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұжымды педагогикалық этиканың бұзылуымен байланысты жанжалды жағдайларды қалыптастыру және реттеу.
2. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы: Алпысбаева С.А. Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты маман педагогтердің бір-бірімен қарым-қатынас жасау мәдениеті туралы баяндама жасады. Ұжымда әр педагогтің кәсіби пікіріне құрметпен қарау, әріптестерге қолдау көрсету, қызметтік міндеттерді орындауда өзара көмек көрсету қажеттігі айтылды. Әріптестің ар-намысына тиетін сөздер айтуға, оны көпшілік алдында кемсітуге, өсек-аяң таратуға және қызметтік мәселелерді жеке бас араздығына айналдыруға жол берілмейтіні ескертілді.

Әдіскер Абдуллина Н.Т. ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал педагогтердің тиімді жұмыс істеуіне әсер ететінін атап өтті.

Педагогтер арасында туындаған келіспеушіліктерді ашық әрі мәдениетті түрде талқылау, бір-бірінің пікірін тыңдау және ортақ шешімге келу қажеттігі айтылды. Педагогтің кәсіби беделі оның білім деңгейімен ғана емес, сөйлеу мәнерімен, өзін ұстау мәдениетімен, жауапкершілігімен және әріптестерімен қарым-қатынасымен қалыптасатыны түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтер әріптестерімен қарым-қатынаста өзара сыйластық пен әдептілікті сақтасын.
2. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
3. Қызметтік мәселелерді шешу барысында педагогикалық әдеп нормалары басшылыққа алынсын.
4. Әр педагог өзінің кәсіби беделіне жауапкершілікпен қарасын.
5. Ұжым мүшелері бір-біріне кәсіби және моральдық тұрғыдан қолдау көрсетсін.

Кеңес төрайымы: _____

Хатшы: _____

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
№3

Өткізілген күні: «9» қыркүйек 2025 жыл
Өткізілген орны: №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы
Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері
Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық этиканың бұзылуымен байланысты жанжалды жағдайларды қарастыру және реттеу.
2. Педагогикалық әдеп нормаларының алдын алу жұмыстары.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы: Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты маман педагогтердің кәсіби қызмет барысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауы туралы баяндама жасады. Педагогтің негізгі міндеттерінің бірі – тәрбиеленушілердің жеке басын, ар-намысын, қадір-қасиетін құрметтеу және олардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау екендігі айтылды. Педагогтер қызмет барысында сабырлы, сыпайы, әдепті және жауапты болуы қажет. Тәрбиеленушілерге дауыс көтеруге, кемсітуге, намысына тиетін сөздер айтуға және психологиялық қысым көрсетуге жол берілмейтіні түсіндірілді.

СӨЙЛЕДІ:

Ардагер педагог Сарлыбаева М.Т - педагогикалық әдептің әр педагогтің күнделікті кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Педагог әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оған құрметпен қарауы қажет екенін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Барлық педагогтер педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтасын.
2. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста ізгілік, мейірімділік, сабырлылық және сыйластық қағидалары басшылыққа алынсын.

Кеңес төрайымы: _____

Хатшы: _____

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
№4

Күні: «11» желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұжымдағы негіссіз қақтығыстарды шешу

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты мүше Сүленова А.К педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау, қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындау және әріптестермен өзара сыйластық қарым-қатынаста болу мәселелері қаралды. Педагогтердің тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынас жасау мәдениеті туралы мәселе қаралды. Ата-аналармен сөйлесу кезінде сыпайылық сақтау, олардың пікірін құрметтеу, тәрбиеленуші туралы ақпаратты дұрыс әрі әдепті түрде жеткізу қажеттілігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі Есполова Ж.А -.Педагогтер ата-аналармен өзара түсіністік пен сенімге негізделген қарым-қатынас орнату маңызды екенін атап өтті. Кез келген мәселені сабырлы түрде талқылау қажеттілігі айтылды Педагогтерге тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, дөрекі сөздер мен жағымсыз қарым-қатынасқа жол бермеу қажеттілігі түсіндірілді.

.ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұжымда педагогикалық әдепті қатаң сақтау ұсынылады.
2. Әріптестер арасында өзара құрмет пен түсіністік сақталсын.
3. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуы тұрақты бақылауда болсын.

Педагогикалық әдеп жөніндегі жауапты: _____

Хатшы: _____